

Тіркелген бірыңғай салық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 05 ақпандағы N 31-4 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ұйғыр ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 18 наурызда N 2-19-92 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 43-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010.12.22 N 43-7 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 14, 15-тармақтарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұйғыр ауданындағы қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін тіркелген бірыңғай салық ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімді орындалуы "Ұйғыр ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Үркімбаев Стамшал Үркімбайұлына жүктелсін

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Нурахунов Шухрат Турдахунұлына және аудандық мәслихаттың заңдылық пен құқық тәртібі, азаматтардың құқығы, еркі мен бостандығы туралы мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

		<i>Аудандық</i>	<i>мәслихат</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>		<i>3.3. Тохсунов</i>	
		<i>Аудандық</i>	<i>мәслихаттың</i>
<i>хатшысы</i>		<i>М.М. Нуров</i>	
Ұйғыр	аудандық		мәслихаттың
2010	жылғы	5	ақпандағы
"Тіркелген	бірыңғай		салық
ставкаларын			бекіту
туралы"	N	31-4	шешіміне
қосымша			

N	Салық салу объектісінің аталуы	Тіркелген базалық салықтың мөлшері (айлық есептік көрсеткіш) ставкаларының
1	бір ойыншының қатысуымен ойынға арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	3
2	бірнеше ойыншылар қатысуымен ойынға арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	3
3	дербес компьютерді ойын өткізу үшін қолданылу	1
4	ойын жолы	6
5	карт	2
6	бильярд үстелі	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК